

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 7 маусымдағы N 477 қаулысына толықтырулар мен өзгертулер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1995 жылғы 16 қараша N 1551. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1997.08.11. N 1244 қаулысымен. ~P971244

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Ы.Алтынсарин атындағы Педагогика ғылымдары ғылыми-зерттеу институтын қайта құру және "Білім" ғылыми-педагогикалық бірлестігін құру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 7 маусымдағы N 477 қаулысына /Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 22, 282-құжат/ мынадай толықтырулар мен өзгертулер енгізілсін:

2-тармақ мынадай мазмұндағы жаңа абзацпен толықтырылсын:

"Алматы қаласының N 1 педучилищесін, N 159 орта мектебін, N 29 және N 204 бала бақшаларын қаржыландыру Алматы қаласының бюджетінен жүзеге асырылсын";

3-тармақ алынып тасталсын;

4, 5 және 6-тармақтар тиісінше 3, 4 және 5-тармақтар болып саналсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі